

Пәні: Сауат ашу	Мектеп: «№ 3 орта мектебі»	
Күні: 25.10.2017ж	Мұғалімнің есімі: Досмухамедова А.А.	
Сынып: 1	Қатысқандар саны: 24	Қатыспағандар саны: 1
Сабақтың тақырыбы	Менің мектепке баратын жолым. Т дыбысы мен әрпі..	
Сабаққа негізделген оқу мақсаты(мақсаттары)	1.2.9.1.Әріпті тану,ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру; 1.2.1.2 .Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу)қолдану; 1.3.8.1. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. 1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Т дыбысы және әрпімен танысуды жалғастырып, Т дыбысының дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында, соңында келетінін біледі, таңбасын салуды үйренеді. Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыстыру және оларды каллиграфиялық талаптарға сай жазу білігі қалыптасады. Оқушылардың басым бөлігі: Дыбыстарды ажыратады, сөздерге дыбыстық, буындық талдау жасайды. Кейбір оқушылар: Алған білімді өмірде қолдана алады.	
Жетістік критерилері	Оқушылардың келесі қабілеттерін бағалау: <ul style="list-style-type: none"> • өзгелерді тыңдауын; • оқиғаны ретімен баяндауын. • өткен тақырыптар бойынша ойларын жинақтап,еске түсіріп айту 	
Құндылықтарды дарыту	Оқушылардың топта жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру, сыныптасының сөзін тыңдауға үйрету, шыншылыққа баулу.	
Пәнаралық байланыс	Сөздердегі буын санын анықтау арқылы математика пәнімен байланыстыру.	
Алдыңғы оқу	Менің мектепке баратын жолым. Т дыбысы мен әрпі	
Сабақ барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы 5 мин	Шаттық шеңбері. Мұғалім оқушыларға жақсы қасиеттерін айтып жылы лебіз білдіреді. Оқушылардың зейінін шоғырландыру; Тіл дамыту мақсатында тақпақты жаттау. <i>Сыныбымыз тап-таза, Бор да дайын тақта да.</i>	Шаттық шеңбері

	<p style="text-align: center;">Ойымызды жинақтап, Отырайық партаға</p> <p style="text-align: center;">Оқушылармен бірге сабақ ОМ анықтап алу.</p> <p>Қызығушылықты ояту Ойын «Ойлан –тап»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.С.а сабағында нені үйренеміз? 2.Әріп деген не? 3.Дыбыс деген не? 4.Дыбыстар нешеге бөлінеді? 5.қандай түрге бөлінеді? 6.Қандай түстермен белгіленеді? 7.Дауысты дыбыстар қалай айтылады? 8.Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады? <p style="text-align: center;">Өткен әріптерді қайталау</p> <p>Аа-дауысты (қызыл текшемен көрсету) <i>алма, ата</i></p> <p>Н –нан, о-от ,л- ләйлек,р- раушан,т -тарақ.</p> <p>Жұмбақ шешу.</p> <p>Иір-иір денесі, кұмды жақтың кемесі. Ащы шөптер тамағы, Шөлге шыдап бағады. -Ол не? -Түйе</p>	<p>Өлең</p> <p>Суреттер</p> <p>Жұмбақтар жинағы</p>
<p>Ортасы 15 мин</p>	<p>-Түйе дегенде қандай дыбыс бірінші естіледі?</p> <p>-Т дыбысы</p> <p>Т дауыссыз дыбыс екенін айту (көк түспен белгілеу).</p> <p>Т әрпінің баспа және жазба түрлерін көрсетіп естеріне түсіру.</p> <p>Бейнематериалмен жұмыс</p> <p>Т әрпінен келетін сөздер айттыру.</p> <p>Буынға бөлу.Ереже айту.(<i>сөзде қанша д-ы дыбыс болса, сонша буын болады</i>)</p> <p>1.Оқулықпен жұмыс.</p> <p>(Ұ).Оқылым. Т дыбысы бар сөздерді хормен- буындап, тұтас оқу; тізбектей, жекелей оқу.</p> <p>Дыбыстық талдау-жинақтау әдісі арқылы жаңа сөздерге талдау жүргізеді.</p> <p>Сөйлемдер құрастырады.</p> <p>АТА,ТОР,ТОН, ТОЛ,ОТАН</p> <p>2.Оқулықпен жұмыс.</p> <p>(ЖЖ)Айтылым.</p>	<p>Бейнематериал «Әліппе Т дыбысы»</p> <p>Оқулық 466</p> <p>кеспе буындар</p> <p>Тыңдалым материалы</p>

	<p>Сұрақ –жауап. Сенің мектепке баратын жолыңда не бар?</p>	
Сергіту сәті 2 мин	«Кірпі келеді орманмен» қимылдар жасау	Үнтаспа
Ортасы 8 мин	<p>Дәптермен жұмыс (ӨЖ). Жазылым. Жазу кезіндегі гигиеналық талаптарды сақтауды ескерту. Тт әрпін жазу. Бас әріп пен кіші әріпті бір-бірімен байланыстыру. Суреттердің астындағы сөздердің түсіп қалған әріптерін қою. (ТЖ). Қима әріптерден сөз құрастыру Ата,ана,ала,ара,аралар,аталар,от,отан</p>	
Аяқталуы 5 мин	<p>1.Рефлексия. «Ыстық орындық».Оқушылар орындыққа отырған оқушыға сұрақтар қояды. Бүгін қандай дыбыспен таныстық? -Т дыбысы қандай дыбыс? -Т дыбысын қандай тсті сандаққа орналастырамыз? 2. «Бір минут» кері байланысы. Оқушылар жұптарға бөлініп бір- біріне қарама –қарсы тұрады. Оң жақта тұрған оқушылар 1 минут ішінде Т дыбысынан басталатын 10 сөз айтып өз жұптасына адымдап жақындай береді. Жұптасы оған кері байланыс береді. 3.Бағалау.Сабақ барысында жиналған доп санымен оқушыларды бағалау. Мұғалімкерібайланысбереді.</p>	
Қосымша ақпарат		